ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# Қазақ университеті

№2 (1673)
16 қаңтар
2018 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz



## ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ СЫН-ТЕГЕУРІНІНЕ ЖАУАП

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауы талқыланды. Мемлекет басшысы белгілеген негізгі басымдықтарды назарға ала отырып, университет ұжымы цифрлық экономика жағдайындағы адами капиталдың қалыптасуына бағытталған шешуші қадамдарды бағдарлады.**



Университет қоғамдастығы мүшелері Елбасы Жолдауын Қазақстанның одан әрі жаңғыруы бойынша жүйелі шараларды айқындап берген бірегей бағдарлама ретінде үлкен құлшыныспен және ықыласпен қабыл алды. Мемлекет басшысы алға қойған цифровизациялау және цифрлық технологияларды өмірдің барлық саласына енгізу ғалымдар талқылауында басты тақырыпқа айналды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов Жолдау алдағы қызметте және дамудың жаңа мүмкіндіктерін іздестіруде маңызды нұсқаулық болып табылатындығын атап өтті. «Университеттер адами капиталдың қалыптасуындағы маңызды субъектілер ретінде оның жаңа сапасын қамтамасыз етуі керек және қазақстандық қоғам жаңғыруының қозғаушы күшіне айналуы тиіс», – деді ол. Сондықтан да, осы маңызды міндетті сезіне отырып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Al-Farabi University smart city» жобасы аясында 4.0 университет – жаңа ұрпақ университетінің үлгісін жүзеге асыруда. Аталған үлгі Президент Жолдауында қойылған тапсырмаларға толықтай жауап береді. ҚазҰУ алғаш рет ТМД көлемінде «Цифрлық Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында цифрлық университет үлгісін жасады және ЖОО қызметін автоматтандыруда бұлттық технологияларды, кампус инфрақұрылымын басқаруда Smart технологияларды әрі талдамалы жүйе қалыптастыру үшін Big Data технологияларын енгізді. Бағдарламалық жасақтаманың ірі өндірушісі – «Microsoft» компаниясының жоғары білім берудің IT тұғырнамасы дамуының инновациялық векторын қалыптастыруда әріптес ретінде ҚазҰУ-ды таңдауы кездейсоқ емес.

ҚазҰУ Қазақстанда тұңғыш рет жаппай ашық онлайн курстарын бастады, бұл өз кезегінде Ашық білім берудің ұлттық тұғырнамасын іске қосуға мүмкіндік берді. Аталған тұғырнама қазақстандық ЖОО-лардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

«Е-кампус» жобасы базасында университеттің технологиялық тұғырнамасының қалыптасуына «Hewlett-Packard», «Cisco», «Konica Minolta», «Fujitsu», «Samsung», «Alcatel», «Касперский зертханасы», Microsoft, Intel, Huawei сынды ғылыми-білім беру орталықтары тың қарқын берді. ҚХР Ғылым академиясының Қашықтықтан зондтау және цифрлық Жер институтымен (RADI) бірге Жерді зондтаудың цифровизациялық орталығы құрылған. Гонконг политехникалық университетімен бірлесе Технолофт Индустрия 4.0 – ғылыми-білім беру зертханасын құру бойынша жұмыс басталды.

Ағымдағы жылы ҚХР Үкіметінің Гранты – суперкомпьютер базасы аясында Жібек жолы Университеттер альянсының Халықаралық IT технопаркі іске қосылады. Жоғары өндірістік суперкомпьютер IT-технопаркінің ядросы болады, бұл – ғылыми зертханалар жұмысы, дизайн зертханалары, 3D принтинг, инновациялық шеберханалар, коворкинг-орталық пен «IGeneration» бизнес-инкубатор шоғырланған бірыңғай кластер. Бұл өндірістік индустрияның университеттермен жоғары өндірістік ақпараттық-коммуникациялық технологияларды құрастыруды шешу мен қолдану саласында табысты бірігуін қамтамасыз етеді және Силиконды дала сынды жоғары технологиялар аймағын құруға мүмкіндік береді.

*Жалғасы 2-бетте*

## Ел Тәуелсіздігінің энциклопедиясы

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабын талқылауға арналған «Адами капиталдың жаңа сапасы» атты дөңгелек үстел өтті.**

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, Қазақстан әлеуметтанушылар қауымдастығы және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұйымдастыруымен өткен шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, көрнекті ғалымдар, ғылыми қауымдастық және БАҚ өкілдері, ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері қатысты.

Дөңгелек үстелде сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы Қазақстан Республикасының үш модернизациясының контексінде қазақстандық дамудың үлгісі мен әлемдік көзқарастың мәнін көрсететін бағалы тарихи құжат екенін атап өтті.

«Бүгінгі шара Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауымен тұспа-тұс келіп отыр. Осыған байланысты біз стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің жаһандық көзқарасын көрсететін әрі өзара бірін-бірі толықтыратын және елдің одан әрі дамуының векторын анықтайтын екі маңызды құжаттың негізгі ұстанымдарын талқылауға мүмкіндік алдық. Елбасының басшылығымен көптеген ішкі және сыртқы мәселелерге жауап бере отырып, біз өзіміздің даму жолымызды айқындадық. Осы Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктер мен қарқынды үдерістердің барлық кезеңдері «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында толық сипатталған. Онда қазақстандық даму үлгісінің эволюциясы, негізгі қағидаттары мен механизмдері айқын көрсетілген. Қазақстанның үш тұғырлы жаңғыруын талқылау үлкен маңызға ие. Бірінші және екінші жаңғыртудың арқасында еліміз біртіндеп тоталитарлық жүйеден өтіп, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшті және әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елі тізіміне енді. Шетелдік сарапшылар Қазақстандағы саяси дамудың үлгісін «Қазақстанның феномені» деп атайтыны кездейсоқ емес. Бұл посткеңестік кеңістіктегі ең табысты мемлекеттіліктің айқын үлгісі болды. Жинақталған тәжірибе Қазақстанға жаһандық шындықта әлемнің ең дамыған отыз еліне оны жан-жақты жаңартуға және алға жылжытуға бағытталған үшінші жаңғыруды енгізу құқығын берді.

Президент Қазақстанда бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастыруға ерекше мән беретінін атап өткен жөн. Бұл адами капиталды құраушы барлық компоненттер: интеллектуалды, әлеуметтік, биофизикалық, мәдени-құндылықтар және саланы дамытудың соңғы үрдістеріне сәйкес киберфизикалық – ұлттың табысының басты факторы болып табылады. Осыған байланысты университеттер адам капиталын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратындығын айту қажет.

*Жалғасы 3-бетте*


БҮГІНГІ САНДА:

ИГІ БАСТАМА — 6-бет



ТӘЛІМГЕРЛЕР ТАҒЫ ТРЕНИНГТЕ ТАБЫСТЫ — 7-бет



СПАРТАКИАДА «ЗДОРОВЬЕ» - 2018 — 8-стр.



Жалғасы. Басы 1-бетте

# ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ СЫН-ТЕГЕУРІНІНЕ ЖАУАП



Президент атап өткендей, цифрлық дәуір жағдайында елдің жаңа индустриализациялануында басты маңыздылық – кадрлық қамтамасыз ету болмақ. Осыған орай ҚазҰУ-да ағымдағы оқу жылының екінші семестрінен бастап-ақ ақпараттық технологиялар факультеті құрыла бастайды. Жаңа факультет құрылымы аясында Суперкомпьютерлік технология базасында мәліметтерді өңдеу орталығы, Big Data салааралық зертханасы және Блокчейн зертханасы қарастырылған, сондай-ақ цифрлық лингвистика зертханасы, оны ұйымдастыруға Эразмус+ халықаралық жобасы бойынша грант жеңіп алынған.

Қазақстанның дәстүрлі базалық өнеркәсіп индустриясына ірі IT-компанияларды және шетелдік ЖОО-лар-серіктестерді білім беру үдерісіне тарта отырып, «мол мәліметтермен» алмасып IT-мамандарды дайындау өндірістік үрдістерді автоматтандыру, роботтандыру, жасанды интеллект элементтерін қолдану салалары бойынша жүзеге асырылады. Жолдауды жүзеге асырудағы университеттің жол картасы аясында 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, денсаулық сақтау және білім берудегі цифрлы қызмет – келешегі зор өнеркәсіптерді дамытуға кадрларды дайындауға бағытталған жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу қарастырылған. Бұл цифрлық дәуір жағдайында елдің жаңа индустриализациялану қажеттілігіне білім беру жүйесін бейімдеуге қосқан ҚазҰУ-дың нақты үлесі болмақ.

Қатысушылар бағдарламалық құжатта көрсетілген барлық тапсырмалар бойынша өз пікірлері мен идеяларын ортаға салып, талқылау нәтижесінде Жолдауды жүзеге асырудың кешенді жол картасын қабылдады.

**Өз тілшімізден**

---



**Ғалым МҰТАНОВ,**
**әл-Фараби атындағы**
**ҚазҰУ ректоры:**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа дәстүрлі Жолдауы – елдің стратегиялық дамуын айқындап беріп отырған жыл сайынғы басты құжат. Мемлекетті дамытуда заманауи талаптар мен өркениеттің жаһандық көрінісіне сай әрекет етуді бағдарлайтын бұл құжаттың мазмұны да, қоғам алдына жүктер жауапкершілігі де салмақты.

Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері дәуірінде дамудың басым 10 бағытын айқындап берген бұл Жолдау ел дамуына жаңа серпін бермек.

Қазіргі заман талабының тренді – индустрияландыру, жаңа озық технологияларды енгізудің көшбасшысына айналу талаптарына басымдық берілуі құжаттың ерекше маңызын айқындайды. Индустрияландыру процесінің жаңа технологиялық қалыптың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мейлінше инновациялық сипатта негізделуі мақсат етілді. Бұл мақсат елді заманауи талапта алға ілгерілете отырып 30 дамыған елдің қатарына енуге жол ашпақ.

Жолдау өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделе отырып, елімізді сол талаптар үдесіне сай дамытудың маңыздылығын айқындап берді. Заманауи технологияларды кеңінен қолдана отырып дамудың жаңа белесін бағындыру жолында цифрлық технологиялардың алатын орнына зор басымдылық берілді. Бұл сатыда елдің дамуын цифрлы форматқа көшіру – күн талабындағы басты міндеттердің бірі екендігі айшықталды. Жолдауда көрсетілгендей, осы жылы «цифрлық дәуір» өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустрияландырудың үшінші бесжылдығын әзірлеу қолға алынбақ. Жаңа технологиялық қалып болашақта біздің цифрлық ортада қалай жұмыс істейтініміздi, елдің экономикасын, әлеуметтік жағдайларын түбегейлі өзгертетіндігін таразылаған Елбасы бұл жаңашылдыққа үлкен ден қойып отыр.

Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған кәсіби мамандар саны көбейсе, бұл еліміз үшін халықаралық бәсекелестік аренада үлкен ұпай болмақ. Бұл міндет тікелей университеттерге тиесілі деп білемін. Стратегиялық құжатта айтылғандай, білім беру жүйесін, коммуникация мен стандарттау салаларын жаңа индустрияландыру талаптарына сай бейімдеу ел дамуына жаңа сілкініс берері анық. Осы талаптар үдесінен шығып, бастамалар жан-жақты орындалғанда Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына ену мүмкіндігі арта түседі.

---

## ҚЫСҚА-НҰСҚА

**В КазНУ им. аль-Фараби прошла III-я Республиканская Зимняя школа «Психологические мастерские: здравоохранение, образование, производство», посвященная развитию и повышению социально-психологической компетентности педагога.**

В мероприятии приняли участие представители более 15-ти ВУЗов Республики Казахстан.

Зимняя школа проходила в формате психологического марафона по трем направлениям, которые дали возможность участникам шире познакомиться с практической работой. Профессором З.Б. Мадалиевой проведена практическая «Art-мастерская», где участники поработали с камнями, попробовали пальчиковое рисование и научились плести мандалы.

По завершении всем участникам были вручены сертификаты о прохождении курса повышения квалификации. Участники выразили благодарность организаторам за уникальную возможность получить знания и опыт в своей области, а также выразили готовность участвовать в Летней психологической школе.

**М.П. КАБАКОВА,**
*и.о. профессора кафедры общей и прикладной психологии*

***

**Халықаралық қатынастар факультетінде дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Алмаш Сейдикенованың бастамасымен Франция елшілігі, Қазақстандық француз тілі оқытушыларының республикалық ассоциациясы және Француз альянсінің қолдауымен республикадағы шет тілдері оқытушыларының біліктілігін арттыру мақсатында «Шетел тілдері мен аударманы оқытудағы заманауи әдістер» атты республикалық семинар өткізілді.**

Семинарға Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Сүлеймен Демирел университеті, Қазақ қыздар педагогикалық университеті, Абай атындағы ҚазҰУ, Халықаралық бизнес академиясы, Қ.С. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушылары қатысты. Ғылыми-әдістемелік семинар ағылшын және француз тілінде жүргізілді.

Семинаржұмысы оқытушыларды шет тілін және аударманы оқытудағы заманауи жаңа әдістермен таныстыруға, оларды оқу процесінде тиімді қолдануға бейімдеуге, шеберлік сыныптарын өткізу арқылы біліктілікті шыңдауға, қатысушылардың адами, тілдік және мәдени капиталдарын байытуға бағытталды.

**А.С. СЕЙДИКЕНОВА,**
*ф.ғ.к., доцент, дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі*

***

**В КазНУ им. аль-Фараби состоялась встреча с депутатом Мажилиса Парламента РК Карибаем Мусырманом.**

Во встрече приняли участие ректор Международного университета информационных технологий Дамир Шыныбеков и заместитель акима Бостандыкского района Маржан Балбаева.

В своем выступлении Карибай Мусырман рассказал о деятельности Мажилиса Парламента РК и остановился на основных моментах Послания Президента народу Казахстана. Также депутат рассказал о деятельности Мажилиса Парламента, работе профильных комитетов. Как стало известно, на сегодняшний день мажилисмены завершили работу над проектами трех новых Кодексов – Налогового, Таможенного, Кодекса о недрах, а также ведется работа над изменениями условий трудового договора.

В ходе мероприятия участники обменялись мнениями, обозначили проблемы и получили ответы на все интересующие вопросы, касающихся политической и экономической ситуации в стране.

**Пресс-служба**






## В КазНУ обсудили Послание Президента народу Казахстана

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# Ел Тәуелсіздігінің энциклопедиясы

Бүгін біз университет 4.0 жаңа тренді заманауи университеттер дамуының келешек үлгісі жайлы сөз етеміз. Осыған байланысты біз «Университет 4.0» жаңа ұрпақ университетінің үлгісін – біздің университеттің атын иеленген ұлы ойшыл әл-Фарабидің идеясы негізінде жасадық. Аталған үлгі «Al-Farabi University smart city» жобасы аясында жүзеге асырылады.

Ол адами капиталдың жаңа сапасын қамтамасыз етуге бағытталған инновациялық-технологиялық және рухани-адамгершілік платформаларды біріктіруге негізделген», – деді ҚазҰУ ректоры.

Шараға қатысқан спикерлер Президент Н. Назарбаевтың жаңа кітабы – ел Тәуелсіздігінің жиырма алты жылдық даму жолындағы авторлық көзқарасы болып табылады. Оқырмандар тарапынан жоғары бағаланған кітап тарихи жанрда жазылған дейді.

«1996 жылдан бастап Президенттің жыл сайынғы халыққа Жолдауы тұтастай қоғамды ынталандыруды қалыптастыру мен жоспарларды түзетудегі негізгі даму факторы болып табылады. Мемлекет басшысының жаңа еңбегінде ұсынылған мемлекет дамуының тиянақты талдауы мен бағалауы – бұл тек



қорытындылардың қысқаша сипаттамасы ғана емес, еліміз еңсерген жылдарды егжей-тегжейлі талдап, бастысы болашақ көрінісі анық байқалады»,–деді ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Зарема Шәукенова.

Дөңгелек үстел барысында ҚР БҒМ Ғылым комитетінен Ахан Бижанов, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры Уәлихан Қалижан, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлтық өнер академиясының ректоры Бибігүл Нүсіпжанова, философия, саясаттану және дінтану институттарының директорлары, саясаттану кафедрасының докторанты Әйкерім Камалдинова және басқа да ұйымдар өкілдерінің баяндамалары тыңдалды. Сондай-ақ шараға қатысушылар қазіргі заманғы тәуелсіз Қазақстанның сан алуан сара жолынан өткен тарихын білетін өскелең ұрпаққа арналған кітаптың маңызды рөлін ерекше атап айтты.

**Баспасөз қызметі**



**Сабырхан СМАҒҰЛОВ,**
**Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы**

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛНАМАСЫ

Жақында ғана, Тәуелсіздік күні ұлттық мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің «Тәуелсіздік дәуірі» атты еңбегі жарық көрді. «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы – тәуелсіз Қазақстанды құрушы тұлға қолымен жазылған Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы бойынша кешенді еңбек. Бұл кітаптың бірегейлігі мен ерекшелігі, міне, осында. 25 жылдан астам тәуелсіз тарихымыздың барлық негізгі кезеңдерін жинақтаған басылымның негізгі қағидаларын егжей-тегжейлі зерделеген кезде осындай әсер туындайды. Кітапты оқу барысында өзіңді Президент баяндаған тарихи оқиғалардың бел ортасында жүргендей сезінесің.

Қазақстан тарихының президенттік «нұсқасына» негіз болған негізгі қағидаларды 20 жылдан кейін саралайтын тарихшылар «Тәуелсіздік дәуірінің» мазмұнын Нұрсұлтан Назарбаевтың бұрынғы еңбектерінде мәлімделген көзқарастарымен өзіндік деректемелік талдау өте қызықты болып табылады. Олар тұрақты ма әлде бағалауларда, көзқарастарда, тәсілдемелерде көзге түсерлік түзетулер, өзгерістер бар ма? Президенттің 1991 жылы жарық көрген алғашқы «Әділеттің ақ жолы» еңбегінің, әсіресе, Кеңес Одағы ыдырауының себептері мен жағдайларына қатысты бөлімінде көзқарастарының айырмашылығы айқын байқалады. «Тәуелсіздік дәуірінде» одақтық орталықтың Қазақстанға қатысты ұстанымын анағұрлым көбірек қатты және сыни бағалай отырып, оқырманды кеңестік жүйені батыл бөлшектемей, президенттік институтты енгізіп, қазақстандық мемлекеттілікті одан әрі дамыту мүмкін болмағаны туралы ой-пікірге алып келеді.

Кітапта автордың өмірбаяндық очерк түріндегі естеліктері де, соңғы 20-30 жыл ішінде әлемде, соның ішінде, әсіресе, Қазақстанда болған саяси және экономикалық өзгерістер туралы жеке өзінің пікірлері де, белгілі саяси және қоғам қайраткерлеріне берген бағалары да бар. Мұның бәрі де туған еліміздің өміріне, тәуелсіздік жылдарындағы нақты жағдайлар мен проблемаларға, оларды шешуде кездескен қиындықтарға, қателіктерге, оларды жою жолындағы принципті күреске тікелей байланысты тарихи оқиғалардың тартымды баяндалуы кітаптың әрбір қазақстандық үшін құндылығын арттыра түседі. Бұл еңбек мектеп оқушыларынан бастап, жоғары оқу орындары студенттері үшін Тәуелсіз Қазақстанның тарихы бойынша құнды тарихи деректер жиынтығы, басты оқулық болып табылады.

Оқырмандарға арналған Елбасының басты қорытындысы кітаптың соңғы бетінде жасалған: «Біз өз келешегіміздің көкжиегін айқын анықтай алдық». 2017 жылы Қазақстан Жасампаздық дәуіріне аяқ басты. Осы оптимистік түйін ширек ғасырдан астам ұлттық тарихымыздың барлық оқиғалар жиынтығын қорытындылайды. Бұл туынды – өткеннің тарихы ғана емес, келешекке бағдар және жарқын болашаққа жетудің сара жолы.

**Зере МАЙДАНАЛИ,**
**к.и.н., доцент кафедры история Казахстана**

## ПОМНИТЬ ПРОШЛОЕ И СМОТРЕТЬ В БУДУЩЕЕ!

В книге Президент Н.А. Назарбаев «Эра независимости» показаны реальные события и принятые решения при неуклонном проведении реформ направленных на развитие молодого государства. Универсальный характер политических, социальных и экономических реформ на постсоветском пространстве способствовал выявлению дифференцированных, сложных, разнообразных моделей построения современного государства.

Опыт современного социально-экономического развития Республики Казахстан, в том числе модернизации образовательной системы демонстрирует различные варианты эволюции государственной системы. Общество, которое проходит этап осуществления глубоких социальных изменений, осуществляет переход к рыночной экономике, к демократическим нормам и отношениям, идет процесс социальной дифференциации, углубления социальных различий. Периоды социальной трансформации являются этапами обострения и в социальных институтах, к одному из которых относится и образование. Распад старых социальных институтов, создание новых, периоды временного сосуществования их взаимоисключающих форм – все это составляет суть переходного периода.

В своей книге Президент размышляет об ускоренной технологической модернизации экономики в условиях роста глобальной конкуренции и борьбы за рынки сбыта, где предполагается ускоренное развитие тех стран, которые реально приспосабливаются к потребностям рынка, причем как локального, так и глобального. Эффективное экономическое развитие в современных условиях глобализации и интернационализации связано с усилением социальных факторов, повышением темпов роста реальных доходов граждан, поддержкой социально незащищенных слоев населения, развитием сфер образования, науки, здравоохранения, культуры и др. Диалектика экономического развития настоятельно требует ускорения технологической модернизации экономики и повышения стандартов качества образования Казахстана. Образование – это фактор стабилизации и улучшения человеческой жизни. Это функциональное, гносеологическое значение образования давно осознали в развитых демократических государствах, где систематически ведется исследовательская деятельность в области образовательных услуг.

Н.А. Назарбаев отмечает, что «Сделать Казахстан высокоразвитым государством может лишь сообщество свободных, прогрессивных граждан. Это значит, что нормой жизни каждого должны быть широкие и глубокие знания, самоотверженный труд, пос–тоянное самосовершенствование. А значит, вновь пришло время смотреть вперед. Браться за дело. Проявить волю. Изменить наше мышление и саму жизнь». «Эра независимости» демонстрирует нам, что на сегодняшний момент самым важным элементом развития государства является качество и уровень образования, науки и культуры, которые упорядочивают информационные и интеллектуальные процессы.



**25-27 қаңтар күні V Халықаралық Журналистика және коммуникация Қысқы мектебі өтеді**



**Арықбай АҒЫБАЕВ,**
*з.ғ.д., профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері*

## БАСТЫ ҚҰЖАТ

Әр жыл сайын Елбасы Жолдауы өз жаңалықтарымен, құнды ұсыныстарымен, еліміздің өркендеуіне, жаңғыруына негіз болатын салмақты тұжырымдарымен ерекшеленеді. Жолдау – мемлекетіміздің даму жолындағы бағыт берер басты құжат. 10 қантардағы биылғы Президент Жолдауы да Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға, мемлекетіміздің дамуына бағытталған. Осыған орай бұл Жолдау бүкіл халықтың ойынан шығып, қазір мемлекетіміздің барлық аумақтарында басқару, оқу-өндірістік салаларында, мемлекеттік емес ұйымдарда кеңінен талқыланып, кең қолдау тауып отыр.

Қазақстанның индустриялы жаңа технологияларды енгізу жолына шығуы өте дұрыс. Бізде бұл салада барлық мүмкіндіктер бар. Агроөнеркәсіп кешенін дүниежүзілік деңгейге жеткізу, ел байлығы – астықтың өнімділігін арттыру мәселесі өте орынды айтылған. Транспорт, логикалық инфрақұрылымдарды дамыту ел байлығының қайнар көзі болмақ, құрылыс пен тұрғын үйді қарқынды жүргізу, қаржы секторын қайта құрап, озық үлгімен алмастыру, адам капиталының жаңа сапасын, мемлекеттік басқарудың тиімділігін, әділеттілігін жетілдіру, заң үстемдігін жоғары денгейге көтеру, жемқорлық тағы басқа зиянды құбылыстармен аяусыз күресу, жаңа технологияларды енгізу арқылы қала құрылысының проблемаларын оңтайлы шешу мәселелеріне айрықша мән берілген. Президент Жолдауын жүзеге асыру халыққа, қоғамға, мемлекет дамуы мен өркендеуіне аса қажет.

**Римма САГИЕВА,**
*д.э.н., ассоциированный профессор,*
*декан Высшей школы экономики и бизнеса*

## РЕАКТУАЛИЗАЦИЯ ПРОФЕССИИ

Не секрет, что профессия экономического профиля была и остается одной из самых востребованных у молодежи. Многоаспектность практического приложения экономических знаний определена объективным характером хозяйственной деятельности людей: человек вынужден заниматься экономикой, потому что иначе он не сможет удовлетворять свои базовые потребности. Поэтому, выбирая свою будущую профессию, молодые люди справедливо полагают, что экономисты, финансисты, бухгалтера и менеджеры будут востребованы всегда, и к тому же могут сами создавать и развивать бизнес. Именно такой посыл определяющихся с будущей деятельностью абитуриентов порождает большой спрос на получение высшего экономического образования как в Казахстане, так и за рубежом. Парадокс же нашего национального экономического образования в том, что экономистов год от года становится все больше, но качество их подготовки оставляет желать лучшего. Особенно данная проблема стала явной в контексте десяти задач, которые ставит Глава государства Н.А. Назарбаев в своем Послании 2018 года. Эти десять задач являются ориентиром движения страны в наступившем году. Поскольку Высшая школа экономики и бизнеса КазНУ им. аль-Фараби осуществляет подготовку бакалавров, магистров и докторов философии по широкому кругу экономических специальностей, каждая из поставленных Лидером нации Н.А. Назарбаевым задач в той или иной мере становится нашей задачей. Однако приоритетным остается все же вопрос подготовки высококвалифицированных, конкурентоспособных на международном уровне и востребованных на рынке специалистов и ученых экономического профиля. Какими же качествами должен обладать «актуальный» на современном этапе экономист? Очевидно, не только обладающий определенным багажом профессиональных знаний теоретического характера, но и умеющих применять, как подчеркивается в Послании, новейшие информационные технологии и работать с «большими данными», знать несколько языков, хорошо адаптироваться в сложившейся ситуации, формулировать из проблем задачи и успешно их решать. Ведь наступила эра конкуренции профессионализма и способностей выпускников-экономистов, когда значимее становятся его практические навыки не только реализовывать свои знания, но и уметь генерировать новые идеи, проекты.

Складывающаяся цифровая реальность изменяет все сферы жизни людей, и прежде всего экономику: изменяется характер бизнес-процессов, торговых и финансовых взаимодействий, системы управления. Поэтому современный экономист, чтобы не только быть, но и оставаться конкурентоспособным должен проявлять гибкость и способность к быстрым изменениям, уметь работать в кризисных ситуациях и находить эффективные решения.

Таким образом, Высшая школа экономики и бизнеса Казахского национального университета им. аль-Фараби «знает пароль» и «видит ориентир», который поставил перед нами Лидер нации, Президент РК Н.А. Назарбаев, и приложит все усилия для его достижения.




**Меңдігүл НОҒАЙБАЕВА,**
*тарих, археология және этнология факультетінің деканы*

## РУХАНИЯТТЫ КӨТЕРУ АСА МАҢЫЗДЫ

Жыл сайынғы Елбасы жолдауы еліміздің жаңа даму бағыттарын айқындауда аса маңызды құжат болып табылатындығы даусыз. Биылғы жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын Жолдауда да еліміздің ұзақ мерзімді дамуын айқындаған 2050 Стратегиясында қойылған міндеттер контексіндегі маңызды мақсаттар айқындалған. Жоғары оқу орындары мен білім беру саласының қызметкерлері ретінде біз Елбасының «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталатын бөліміне баса ден қойдық. Елбасы атап өткендей, өзгермелі заманда «барлық жастағы азаматтарды камтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажеттілігі» айқын. Себебі, бүгінгі таңда жоғары білім беру саласының әлемдік жетекші эксперттік қауымдастық өкілдері білім саласындағы өзгерістердің аса жылдам жүріп жатқандығын атап өтуде. Уақыт өткен сайын көптеген мамандықтар жойылуда, тіпті болашақта мүлде жаңа сипаттағы мамандықтар пайда болатындығы туралы нақты болжамдар жасалып отыр. Осыған орай ЖОО орындарының білім беру бағдарламалары өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс. Өзгерістер, ең алдымен, білім беру саласына ақпараттық технологияларды пайдаланумен де байланысты. Бұл гуманитарлық ғылымдарда да білім беру бағдарламаларын «адам капиталының сапасын артыру» мен «ақпараттарды басқару» бағытында құруға бейімдеу керек дегенді білдіреді деп есептейміз.

Мысалы, бүгінгі таңдағы тарихи білім беру жүйесі жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, өзін-өзі жетілдіруге бейімделген ойлау жүйесі қалыптасқан мамандарды дайындауға бағытталып отыр. Сондықтан, Елбасының өз тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы қалыптасқан қазақстандықтар қоғамның жетекші күшіне айналуы тиіс деген тапсырмасы нақты орындалуы үшін білім беру жүйесінде студентке бағытталған тұрғы басшылыққа алынуы тиіс. Бұл дегеніміз студенттің білім алу мен өзінің болашақ мамандығының траекториясын қалыптастырудағы жеке жауапкершілігін арттыру мен шығармашалық қабілеттерін дамыту арқылы оқытудың сапалы трансформациясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жолдаудағы әрбір айтылған тапсырмалар тек қана қоғамның жаңа ақпараттық, технологиялық дамуының ғана мәселелерін көтеріп қана қоймайды. Елбасы бүгінгі қоғамның барлық өзекті мәселерімен қатар, оның өзгермелі жанды ағза ретінде дамуының нәзік мәселелерін де дөп басып көрсетіп отыр. Жолдауда айтылғандай, қоғам дамуының рухани-мәдени, әлеуметтік аспектілері де аса маңызды. Жалпы, тарихи үдерістерді оқу мен талдау жас мамандардың қоршаған әлемдегі этникалық, әлеуметтік, мәдени тұрғыдан өзін-өзі сәйкестендіруінің құндылықтар бағытын қалыптастырады.

Түптеп келгенде, қоғамдағы көптеген әлеуметтік-экономикалық құлдыраудың алдын алудың маңызды шарттарының бірі – руханиятты көтеру. Егер адамзат қоғамы дамуының сапалық көрсеткіштері адамдардың дүниетанымының кеңдігіне, санасының жоғарылығына, әділеттілік үшін белсенділігімен, өзгелерге қайырымдылығы мен ізгі ниеттілігі арқылы көрініс беретіндігін ескерсек, Жолдауда қойылған міндеттерді орындаудың басты кілттерінің бірі де осы адами капиталды жақсартуға байланысты екендігін айқын ұғынамыз. Қоғам мүшелерінің рухани дамуы оларға тарих, әдебиет, өнер, халық даналығы, салт-дәстүр, мәдениет, ғылым, білім арқылы берілетіндігін ескерсек, онда төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін жалпы гуманитарлық бағыттағы сала өкілдерінің де жауапкершілігін артырып отырғандығын түсінуге тиіспіз.

**Сагынгалий АЙДАРБАЕВ,**
*д.ю.н., профессор,*
*декан факультета международных отношений*

## ОСОБАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

Нынешнее послание Президента РК Н.А. Назарбаева имеет особое значе-ние в силу того, что озвучено в кризисное для всего мира время. И хотя Казахстан смог успешно преодолеть и это испытание, внешние условия остаются все еще неблагоприятными. В дополнение к этому в мире разво-рачиваются процессы, связанные с Четвертой промышленной революцией, что требует нахождения правильных ориентиров для дальнейшего успеш-ного продвижения государства к достижению своих долгосрочных целей. Как мудрый стратег Президент через свое Послание дает четкие ориенти-ры для всей системы государственного управления и экономики, сформу-лированные в виде 10 ключевых задач, которые следует реализовать. Осо-бая ответственность за реализацию этих задач ложится на систему высшего образования Казахстана.

Система высшего образования, кроме тех специфических задач, которые ей предстоит реализовать по седьмому направлению преобразований, должна также выполнить свою миссию и ряд задач. При этом в пределах указанных 10 направлений задачи системы высшего образования в 3 слу-чаях сформулированы прямо, а в по остальным направлениям - подразу-меваются.

Так, в рамках первой задачи, связанной с дальнейшим технологическим развитием казахстанской индустрии через цифровизацию и иные иннова-ции, Президент говорит о том, что система образования должна быть адаптирована под потребности новой индустриализации, имея в виду, прежде всего, систему высшего образования. В рамках третьей задачи, связанной с развитием агропромышленного комплекса, Глава государства обращает особое внимание необходимости пересмотра роли аграрных университетов. В содержании седьмой задачи сфера высшего образования выделена в отдельный блок с установкой на то, что сферу образования по-ра рассматривать как отдельную отрасль экономики со своими инвестици-онными проектами и экспортным потенциалом.

По остальным задачам, поставленным Главой государства в Послании, роль системы высшего образования не менее значима. В частности, улуч-шение эффективности использования ресурсного потенциала страны, дальнейшее развитие транспортно-логистической инфраструктуры, при-менение современных технологий в строительстве и жилищно-коммунальном хозяйстве, а также целый ряд других задач, могут быть успешно реализованы лишь при активном участии вузовской науки и вы-сококвалифицированных специалистов, из числа выпускников университе-тов.

К этому следует добавить, что ряд задач в той или иной форме уже реали-зуется в казахстанских университетах. Например, это, прежде всего, прямо названный в Послании Главы государства Назарбаев Университет, высту-пающий флагманом вузовской науки и образования. Кроме того, в каче-стве примера могут быть приведены и другие университеты. Так, в КазНУ имени аль-Фараби в последние годы успешно реализуется проект «аль-Фараби – Смарт-сити».

Указанные факторы еще раз свидетельствуют об особой роли университе-тов и университетского сообщества в реализации Послания Главы государства.

**В КазНУ прошел круглый стол «Новое качество человеческого капитала», посвященный обсуждению книги Президента РК Н.А.Назарбаева «Эра независимости»**




Инфографикаларды жасаған Амангелді ҚИЯС, «Егемен Қазақстан»

**Баян ЕРМЕКБАЕВА,**
*э.ғ.к., профессор,*
*ҚР еңбек сіңірген қайраткері*

## АДАМИ КАПИТАЛ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІҢ ШЕШУШІ ҚҰРАЛЫ

Әлем елдерінің басым бөлігі технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы жаңа өзгерістер кезеңіне, төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне өту жолында. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында бізге осы жаңа әлемге бейімделу мен жетістікке жетудің жолын кеңінен баяндап, ұсынып отыр.

Жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу, бәсекеге қабілетті болу – сол елдің адами капиталының деңгейімен тығыз байланысты. Адами капиталдың негізін ғылым мен білім құрайды. Ғылым жаңалығын іске асыратын – білімді және білікті жаңашыл ел азаматтары. «Адами капитал – жаңғыру негізі, барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет», – дейді Елбасы өз жолдауында.

Білім берудің жаңа сапасына қол жеткізетін бір маңызды жол – Жолдауда айтылған жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын жасауға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін заңнамалық тұрғыдан бекіту керектігі. Бұл – заман талабына сай орынды айтылған тапсырма. Әлемдік тәжірибеде, инкубатордан шыққандай, бірдей дайындалған бизнес саласының мамандары сұранысқа ие емес. Бизнеске жұмыс берушілердің сұранысы, бизнестің жаңа түрлерінің дамуына сайкес жаңа жүйемен пәнаралық білім алған маман керек. Отандық университеттерге заң жүзінде академиялық, басқарушылық және қаржылық еркіндік беру, бәсекелестікке қабілетті білім берудің жаңа сапасын қалыптастырады деген сенімдеміз.

Оқу сапасын күшейтудің маңызды шараларының бірі – пәндерді әлемдік деңгейде оқытатын заманауи педагог-мамандарды даярлау жұмысына көбірек көңіл бөлу қажеттілігі. Өкінішке орай, соңғы жылдары экономика, қаржы, есеп және аудит, т.б. экономикалық бағыттарда магистратура мен докторантура бағдарламаларына мемлекеттік білім беру гранттарының аз бөлінуіне байланысты жас оқытушыларды, ғалымдар мен педагогтарды дайындау мүмкіншілігінің төмендегенін айта кеткен жөн.

Осы орайда Елбасы Жолдауындағы жас ғалымдарымызға ғылыми гранттар аясында квота бөлініп, оларды қолдаудың жүйелі саясатын жүргізуіміз керек деген Елбасының тапсырмасы адами капитал сапасын көтерудің негізгі жолы деп санауға болады.

**Айкерим КАМАЛДИНОВА,**
*кафедра политологии и политических технологий*

## МОЛОДЕЖЬ – СТРАТЕГИЧЕСКИЙ РЕСУРС СТРАНЫ

Представители политических, деловых кругов, научной интеллигенции в своих откликах высоко оценили основные положения Послания Президента Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции». Казахстанская молодежь также поддерживает уникальную казахстанскую модель прогресса, казахстанский путь развития, ее эволюцию, основные принципы и механизмы. Перед страной открывается прекрасная перспектива модернизации во всех важнейших областях государственного развития, новые пути и возможности для успешного, уверенного прорыва в международное сообщество.

Глава государства большое внимание уделяет урокам и возможностям трех волн модернизации. Концепция трех масштабных модернизаций позволяет объединить в единую картину уже 26-летний опыт развития страны. Теперь перед страной поставлена новая задача – Третья модернизация в условиях Четвёртой промышленной революции.

Президент постоянно выделяет «двигателем нового технологического уклада» человеческий капитал как основу модернизации.

